

МАЗМҰНЫ

Айман Нурбасва, <i>В гостях у сказки.....</i>	3
Алия Джумекенова, <i>Электр тогы. Тізбек бөлігі үшін Ом заңы.....</i>	5
Анаргүл Жикенова, <i>Алғыс айту – парызым!.....</i>	8
Аружан Жомартова, <i>Мектепте зорлық-зомбылық көрген балаларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.....</i>	11
Азлита Досалиева, <i>Особенности восприятия русской литературы казахскими школьниками.....</i>	15
Батима Абалгаза, <i>Қиялдай білу- ерекше қасиет.....</i>	17
Гулнара Айдарбекова, <i>Мектеппен үй арасындағы қоғамдық көлік.....</i>	18
Гульжан Истилеуова, <i>Допқа ие болу әдісінің негізгі элементтерін дамыту.....</i>	22
Жансая Мансурова, <i>Спорт – денсаулық кепілі.....</i>	24
Назым Жантасова, <i>Бастауыш сыныптарда ертегілерді оқытудың маңыздылығы.....</i>	25
Назым Рахымбаева, <i>Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды үйден оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігі.....</i>	27
Маркаба Нурпеисова, <i>Денеге қалай күтім жасау кеерек?.....</i>	30
Нурсулу Торебекова, <i>Кім жүйрік?.....</i>	32
Ақмарал Сералы, <i>У әрпінің жазылуы.....</i>	34



Л. Толстой писал, что главное не в словах, а в том сцеплении слов, которое и создаст образ. Вот это внутреннее сцепление, звучание слов в поэтическом ряду, как своеобразном аккорде, трудно уловимо для нерусского читателя. А комментарии к тексту чаще всего не только не способствуют художественному восприятию стихотворения, а искажают его.

Мы коснулись лишь некоторых проблем восприятия художественной литературы. В казахской школе при этом учитывалось, что русская литература изучается не только как учебный предмет, как одно из средств развития и обогащения речи, но и как один из видов искусства-искусства слова.

БАТИМА АБАЛГАЗА,

«Қарағанды облыстық кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы»

КММ – нің тәрбиешісі

Қарағанды облысы, Теміртау қаласы

ҚИЯЛДАЙ БІЛУ- ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТ

Қиял күші – барлық нәрсенің негізі. Сіздің күтіп тұрған көркемдіктің фрагменті секілді. Қиял күші білімнен де маңызды Альберт Эйнштейн

Адам миында бұрыннан бар елестерді мәнерлеп жаңа бейне жасау процесі – қиял деп аталынады. Сонымен қиял-нақты шынайылықты білдіретін және осының негізінде жаңа көріністі жасайтын, түсініктерді қайта жасау процесі. Қиял, еңбек процесінде адамның белгілі-бір құралдарды қайта жасау қажеттілігінің тууы негізінде пайда болды деп есептеледі. Мысалы: адам өзінің сипаты мен қасиеті жағынан әлі толық жетілмеген еңбек құралдарын ала отырып, басқа еңбек операциясын жасау үшін қажет өзінің көзқарастарына сәйкес келетін басқа құралдарды көз алдына елестетеді. Қиял адамның барлық психикалық құбылыстарымен ұштасып жататын процесс. Мәселен, алға қойған мақсатты жоспарлап, жүзеге асырудың жолдарын іздестіру қиялсыз мүмкін емес. Бұл — қиялдың ерікпен байланысына жақсы мысал. Қиялдың ойлау процесінде алатын орны ерекше. Өйткені ойлау белсенділігі адамды шығармашылық әрекетке жетелейді. Ал ондай әрекет қиялдың өте күшті дамуын қажет етеді. Ойлау мен қиял бір-бірімен тығыз байланысты. Жан қуаттарының осы екеуі де мәселені шешуге, сұраққа жауап беруге қатысады. Бірақ қиялда мәселені шешудің өзіндік ерекшелігі болады. Қиял — мәселені суреттеу, жанды көрініс арқылы шешсе, ойлау оны тірі суретсіз жалшылай, ұғым, пікір, тұжырым түрінде шешеді. Қиял алғашқы және ол балалар санасының бастапқы түріне жатады, соның нәтижесінде адам санасының өзге түрлері пайда болады дейтін көзқарас бұл ілімді жасаушы З.Фрейдтің айтуынша баланың психикалық әрекетін реттеп отыратын екі түрлі принцип бар. Оның бірі — бала талабын қанағаттандырып, одан рахат табуы, екінші — шындық болмыс.

Бала дамуының бастапқы кезінде алғашқы принцип негізгі және оның психикасындағы үстемдік етуші талап. Егер бала өзінің қимыл-қозғалыстары арқылы бір нәрседен рахат тауып тілегін қанағаттандыратын болса, ересек адамдардың сөзімен айтқанда, оны сол алдыңғы жасаған іс-әрекетінің жемісі деп ұғынады. Пиаже бес айлық қыз баламен мынадай тәжірибе жүргізген. Бөбек қолындағы қалам мен қаңылтыр қорапты соғып, одан шыққан дыбысты естиді. Бөлменің бір бұрышында тығылып тұрған зерттеуші бөбек соққан сайын оған жауап ретінде құстың дыбысын шығарған. Бөбек енді қорапты бір-ақ рет соғып, жауап күткен. Оған «құс» жауап береді. Бөбек дыбыстың қайдан шыққанына түсіне алмайды. Ол тағы да қорапты соғады. Бірақ оған жауап болмайды. Бұған наразы болған бөбек ашу шақырып қорапты жиі-жиі өзге жағынан соғады. Бөбек өзінің қылығымен кездейсоқ дыбысты естіп, өзінің қорапты соғуынан пайда болған дыбыс екен деген түсінікте болады. Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті болып табылатын ойын — бала қиялын дамытуда ерекше орын алады. Ойын үстінде оның шығармашылық талабына кең жол ашылады. Бала ылғи да бір нәрсені жасау, құрастыруға әрекет жасайды. Ойын баланың ойлау белсенділігін, күш-қуатын барынша жұмсауға мүмкіндік туғызады. Ойын үстінде бала айналадағы шындықты сын көзімен қарап алғара алмайды да, қиял бейнелерінің жетегінде кетеді. Бала психикасының осы жағы да қиял тәрбиесінде есте болатын жайт. Баланың қиялы ересектерге қарағанда әлсіз. Л. С. Выготскийдің тұжырымына сүйенсек, «Бала қиялының дамуы біртіндеп, шамасына қарай қабылдауынан басталады.

Книда болатын барлық образдар, қаһанпа таңажайып болып көрінгенмен де, баланың өмірден көрген-білгенін негіздегені. Кейде бала өмірде кезгескен кейбір жағдайларды өзіндік қабылдаумен түсіндіргенде, бізге үлкендерге күтпеген таңқаларлықтай болып естіледі. Мектеп — бала қиялын дамытуда үлкен рөл атқарады. Мұндағы оқылатын сабақтардың мәніне түсіну қиялсыз мүмкін емес. Мәселен, табиғатты суреттейтін, немесе қандай да болсын оқынаны бағыдайтын бір материалды түсіндіргенде мұғалім арнаулы тәсілдер арқылы оқушылардың қиялын оятады. Қиял арқылы бала ондағы жаңды бейнесерді көз алдына елестеткендей, қолымен ұстағандай, құлағымен естіндідей күйге түседі. Көркем әдебиет шығармаларын талдағанда, тарих сабақтарындағы әңгімелерде, оқушылардың түрлі ойындарында қиял процесі әр қырынан көрініп отырады. Бастауыш сынып оқушыларында алғашқы кезде қиялдан дамуы айтарлықтай болмайды. Мәселен, бірінші сыныптұғындар суретке не оқығанына қарап, өз бетімен жанадан бейне жасай алмайды. Өйткені осы жағдаяттарда синтетілеу қабілеті жөнді дамымаған. Олар оқығанын кездейсоқ, біріне-бірі байланыспаған ассоциациялар арқылы жанғыртып отырады.

ГУЛНАРА АЙДАРБЕКОВА,

Соқыр және нашар көретін арнайы бағаларға арналған

"Болашақ" мектеп-интернаты дефектолог - түзету пәні мұғалімі

Тараз қаласы

МЕКТЕПШЕН ҮЙ АРАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛШ

Осы сабақ арқылы асаатын мақсаты	5,8,5,2. Мектептен үйге дейінгі маршрутты бапшылыққа алу, қоғамдық көліктің /трамвай, троллейбус/ негізгі түрін білу.
Құндылықтарды дарыту	Танымдық - өз - өзіне бая беру, мәдениет. Адамгершілік - жауапкершілік, әділдік, үлкен - кішіні құрметтеу. Ұлттық - патриотизм, туған жерді сүю, салт - дәстүрді қастерлеу. Әлемдік ұлтаралық қарым - қатынас
Педагогикалық әдіс - тәсілдер	«Пазл» әдісі, «Резюмек» әдісі, «Алгерия» суретті әдісі, «Рафт» әдісі, «Мозайка» әдісі, «Флип - боун» әдісі, «Анакан» әдісі, ойын - тапсырма, ойын - жаптығу, АКТ, әңгіме, сұрақ - жауап, көрсету, тапсырма, жаптығу, қайталау, практикалық жұмыс, тренинг, ізденіс, жеке оқушымен жұмыс, топтық жұмыс, салыстыру, рефлексия /көрі байланыс/

Сабақтың барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері:	Сабақтаты жоспарланған іс - әрекет
Сабақтың басы	1. Ұйымдастыру кезеңі а) Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу ә) Оқушылардың назарын сабаққа аудару

